

**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ
ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

XҒТАР 14.35.09

DOI <https://doi.org/10.52081/PhSJ.2025.v10.i2.058>

А. Еркін

E-mail: alaqan@mail.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Аңдатпа

Ұлттық әдебиет – әр халықтың тарихымен қоса оның мәдени-рухани болмысын танытатын сөз өнерінің асыл қазынасы. Қазақ халқының ежелгі дәуірден бері қалыптасқан өзіндік әдеби тілі бар. Қазақ әдеби тілінің өркендеу жолы көркем әдебиет тарихымен ұштасып, әдебиет арқылы танылады.

Мақалада қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтар мәселесі қарастырылады. Қазақ халқының сөз өнері арқылы ұлттың мәдени-рухани құндылықтарын жеткізу үрдісі ежелгі дәуірлерден бастау алып, бүгінге дейін жалғастығын тапқаны көрсетіледі. Алаштың ұлы перзенттері А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев және Ж. Аймауытов – қазақ педагогика және психология ғылымдарының негізін қалаған алғашқы ғалымдар. Олар қазақ тілі мен әдебиетті оқыту әдістемесінің іргетасын қалап, ұлтымыздың болашағы білімде екенін терең ұғынған. Сол себепті барынша жүйелі ұлттық білім беру тұжырымдамасын жасауға күш салды. Баланың сауатын өз ана тілінде ашып, әр сөздің мән-мағынасын саналы түрде ұқтыру жолдарын қарастырды. Алаш зиялыларының әр еңбегінде ұлт тәрбиесіне қатысты құнды ойлар мен әдістемелік қағидалар берілген, оны бүгінгі ұрпақ мұқият зерделеуі тиіс.

Зерттеуде қазақ әдебиетіндегі белгілі ағартушылар Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар сараланып, ұлттық тәрбие берудегі әдістемелік негіздері айқындалады. Кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі әдебиетті оқыту әдістемесінің дамуы А. Көшімбаев, Қ. Бітібаева, А. Қыраубаева еңбектері бойынша зерделенеді. Мақалада ұлттық құндылықтарды әдебиет сабағында оқытудың тарихи тәжірибесіне сүйенген қазіргі әдістемелік бағыттар анықталады.

Тірек сөздер

Ұлт, ұлттық құндылық, ұлттық әдебиет, тәрбие, қазақ әдебиеті, әдістеме, оқыту.

Сілтеме жасау үшін

Еркін А. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтарды оқыту әдістемесі // Philological Sciences Journal. – 2025. – Vol. 10. – №2. – Pp. 45-54.

DOI <https://doi.org/10.52081/PhSJ.2025.v10.i2.058>

Кіріспе

Тамыры терең тарихы бар қазақ тілін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші тетік – әдебиет. Әдеби тіл арқылы өскелең ұрпақ бойында рухани құндылықтар жүйесі мен ұлттық мінез-құлық қалыптасады. Әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарды оқыту – жас буынға тіл мен әдебиет арқылы әрі білім беру, әрі тәрбиелеудің біртұтас үдерісі. Бұл үдерістің теориялық және әдістемелік негіздерін қалыптастыруда қазақ ағартушылары мен әдіскер ғалымдарының еңбектерінде құнды ой-пікірлер айтылған.

Демократ-ағартушы, тұңғыш қазақ оқулықтарының авторы Ы. Алтынсарин қазақ тілін жазба әдеби тіл дәрежесінде дамытуға және білім беру саласына енгізуге бар күш-жігерін жұмсады. Жазушы қазақ әдебиетіне тұңғыш проза жанрын енгізіп, балаларға арналған әңгіме жанрын қалыптастырды. Оның жас оқушыларға арнап жазған шағын әңгімелерінің тілі өте қарапайым, халыққа түсінікті, байырғы сөздерді тиімді пайдалануымен ерекшеленді.

Ы. Алтынсарин қазақ мектебінде әдебиет пәнін енгізу және оқыту бойынша да жаңашыл тәжірибе қалыптастырды. Зерттеушілердің пайымдауынша, Ы. Алтынсарин оқу әдістемесін педагогиканың талаптарына сай үйлестіріп құрып, қазақ мектебіне орыс тілі мен әдебиеті пәнін және аударма әдісін тұңғыш енгізген. Сабақ барысында тарихи мәліметтерді өрбіте отырып, салыстыру әдісін қолданған. Ең бастысы – балаға әдеби мәтінді алдымен оқытып, оның мазмұны мен идеясын толық талдауға үйрететін жүйелі тәсілді іске асырған. Оқушы шығармадағы образдар жүйесін, тіл өрнегін, тақырып пен идеясын ұғынған соң ғана одан тұжырым жасаған. Сондай-ақ оқу материалының көлемі мен күрделілігін баланың жас ерекшелігі мен түсінік деңгейіне сай сатылай ұсыну әдісін қолданды. Қазақтың оқу тәжірибесіне тұңғыш «әдебиеттік оқу» элементін енгізген ұстаз да Ы. Алтынсарин екендігі ғылыми еңбектерде дәйектелген. Бұл – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін қалаған алғашқы қадам.

А. Байтұрсынұлының оқу-ағартуға арналған еңбектерінің түпкі мақсаты – ұлт болашағы үшін ана тілінде білім беру және сол арқылы ұлттық дүниетаным мен тілді сақтау. Ғалым-ұстаз қазақтың болашағы өз тілінде берілетін білімде екендігін терең түсініп, сол жолда аянбай қызмет етті. Өз еңбектерінде жас ұрпақтың ана тілінде сауат ашуына, қазақ тілінің ғылым-білім тілі ретінде қадір-қасиетін танытуға бар күшін жұмсады. М. Жұмабаев әдістемелік еңбектерінде баланың жан дүниесін терең зерттеді. Психология мен педагогиканы ұштастыра қарастырған құнды мұра қалдырды. Оның ғылыми-педагогикалық мұрасы – ұрпақ тәрбиесіне қажетті құрал. Қызмет жолын ұстаздықтан бастаған Ж. Аймауытов бірнеше оқу құралдарын жазып, сол замандағы озық әдістемелерді қазақ мектебіне енгізді. Осындай бай мұраны жас ұрпаққа өнеге ретінде жеткізу – біздің және бүгінгі әдебиет сабағының басты парызы. Әдебиеттің көркемдік ерекшеліктерімен қатар оның танымдық мәнін меңгерту – әдебиет пәнінің негізгі мақсаты.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысының материалдары ретінде қазақ әдеби тілі тарихы мен әдебиетті оқыту әдістемесі тақырыбындағы ғылыми еңбектер, оқулықтар мен әдістемелік құралдар алынды. Негізгі әдіс ретінде тарихи-талдау және жүйелеу тәсілдері қолданылды. Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарды оқытуға қатысты тұжырымдар жасауда ағартушы педагогтар мен әдіскер ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Атап айтқанда, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов тәрізді ұлт ағартушыларының және кейінгі әдіскер ғалымдар А. Көшімбаев, Қ. Бітібаева, А. Қыраубаева еңбектеріндегі идеялар сарапталды.

Нәтижелер мен талқылау

XIX ғасырда қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасып, дамуына аса үлкен үлес қосқан ағартушы – Ыбырай Алтынсарин. Ы. Алтынсарин сол заманда Абай сияқты орта

азиялық түркі жазба («шағатай») тілінен және қазақша «кітаби тілден» бас тартып, қазақтың өз таза тілінде жазуға бетбұрыс жасады. Ол «кітаби тілде» жазылған діни мазмұндағы ауыр тілдерді сынап, халық үшін пайдасы шамалы екенін айтқан. «Қазақ хрестоматиясы» кітабының алғы сөзінде: «Татардың кітап тілі араб-парсы сөздеріне лық толған, сондықтан ол сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де – тек дін туралы жазылған кітаптар. Сондықтан олар дүнияуи мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін қолайсыз», – десе [Алтынсарин, 2007]. Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында да: «Қазақ оқушыларының діни оқуға пайдаланатын құралдары көбінесе татар кітаптары, бірақ бұл кітаптарда ешқандай жүйе де, тіпті көбінде ешбір мағына да жоқ», – дейді.

Ыбырай шығармалары тілінің лексика-фразеологиялық құрамын қазақтың бай тіл қазынасынан алды. Грамматикалық құрылысында да сол кезеңдегі кейбір қазақша жазбаларда кездесетін «кітаби тілге» тән тұлғаларды қолданбады. Тіпті қазақ жазуына орыс графикасын негіздеп, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сүйенген жаңа емле ұсынды. Бұл туралы Р. Сыздық: «...Қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарын ескеріп, қазақша жазу принципін ұстанды. Оған Ыбырайдың қазақ жазуы үшін орыс графикасын ұсынуы себепкер болды» – деп жазған [Сыздық, 1993]. Ғалымның бұл пікірі – Ы. Алтынсаринның ағартушылық қызметі қазақтың төл тілін дамытуға және жастарды адамгершілік рухта тәрбиелеуге негізделгенінің дәлелі.

Д. Қамзабекұлы қазақ ағартушылығын үшке бөліп қарастырған: «Біз Қазақ Ағартушылығын үш бөлікке топтастырдық. Олар: Бастапқы ағартушылық (1860-1890), Негізгі ағартушылық немесе Алаш ағартушылығы (1890-1920), Инерциялы ағартушылық (1920-1929). Неге «өз ішінен шықтық» дедік? Біріншіден, Ыбырай да (бастапқы ағартушылық) Ахмет те (негізгі ағартушылық), Смағұл да (инерциялы ағартушылық) өзін немесе қатарласын «просветитель» деп атаған. Екіншіден, олар елді ағарту бағытында еңбек (көркем шығарма, зертеу, мақала) жазып жүргендерін ашық мәлімдеген. Үшіншіден, олардың ағартушы болғаны – кемшілігі, яки артықшылығы емес, ұлт сұранымы қажет еткен миссиясы» [Қамзабекұлы, 2002: 5-6].

Қазақстан жерінде зайырлы білім беру ісі дәл Ы. Алтынсарин қызмет еткен XIX ғасырдың екінші жартысында басталды. Сол кезеңде мектептер екі түрлі бағытта дамыды: бірі – ескі діни бағыттағы медресе үлгісіндегі мектептер (жаңаша оқыту – жәдит қозғалысы да осы тұста пайда болды), екіншісі – орыс тілінде білім беретін мектептер мен училищелер. Ұлы ұстаз Ыбырай қазақ балаларын ана тілінде оқулықтармен қамтамасыз етуге күш салды. 1879 жылы Орынборда кирилл жазуына негізделген «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» атты оқулығын шығарды. Оқулықта толық грамматикалық курс қамтылмаған. Бұл оқулық – балалардың орыс тіліндегі мәтіндердің мазмұнын түсінуіне арналған алғашқы нұсқаулық.

Ы. Алтынсарин жинақтаған халық әдебиетінің озық үлгілері мен Еуропа классиктерінің шығармалары «Қазақ хрестоматиясы» (1879 ж.) кітабы болып жарық көрді. Хрестоматияның басты идеясы – жасөспірімдерді адамгершілікке, еңбекқорлыққа, әдептілікке, білімпаздыққа және туған еліне, ата-анаға деген сүйіспеншілікке баулу. Кітап мазмұны түрлі жанрлы бөліктерден тұрды: өсиет сөздер, қысқа ертегі-аңыздар, үлкен адамдар туралы әңгімелер, әр түрлі өлең-жырлар, мақал-мәтелдер. Бұл еңбектің ерекшелігі – ұстаздың оқу материалы арқылы үлгілі педагогикалық шешімдер ұсынып, әдебиеттің тәрбиелік мәніне айрықша көңіл бөлінуінде. Ы. Алтынсарин шығармаларды таңдап құрастыруда аса талғампаздық танытып, өз халқының мінез-құлқы мен салт-дәстүріне сай келетін көркем туындыларды сұрыптап кіргізген. Сонымен қатар, дәстүрлі діни тәрбиені де назардан тыс қалдырмай, балалардың діни сауатын ашуды көздеді. Осы мақсатта 1883 жылы Қазан қаласында Ы. Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» («Шариат-ул-ислам») атты оқулығы жарық көрді. Кітаптың кіріспе бөлімінде автор былай деп жазады: «Ей, дін қарындастарымыз, бізге ең әуелі керегірек іс – сол, әуелі білмек керек немен мұсылман болатынымызды... Мүмин мұсылманның мұсылман аталуы құр мұсылман киімін киіп, мұсылман арасында жүргеннен

емес. Әуелі иманды болып, ол иман деген не екеніне түсініп, түсінген соң сол иман ішіндегі сөздерді шексіз шын көңілмен дұрыс деп білген кісіні мұсылман деп атайды...» деп, дін негіздерін түсіндірудің маңызын атап көрсетеді [Алтынсарин, 1991]. Ы. Алтынсарин осы еңбегі арқылы жас ұрпақтың діни түсініктерін қалыптастыруды және қазақтың тілінің тазалығын сақтауды мақсат еткен.

XX ғасырдың басында қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының және ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалаған ірі тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы. Реформатор ғалым оқыту әдістемесі бойынша бірнеше құралдар жазып, қазақша сауат ашу жолдарын ғылыми негіздеді. Оның «Әліпби», «Тіл құрал» оқулықтарымен қатар «Баяншы», «Әліппе астары», «Тіл жұмсар», «Нұсқаушы» тәрізді әдістемелік еңбектері жарық көрді. Аталған еңбектерінде ғалым тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесін жалпы педагогика ғылымымен ұштастыра отырып, ұлттық білім берудің өзіндік жүйесін қалыптастырды. 1920 жылы Қазан қаласында басылған «Баяншы» әдістемелік еңбегінде автор мұғалімдерге әліппені оқыту жөніндегі нұсқауларын ұсынды. А. Байтұрсынұлының басты мақсаты – жас ұрпаққа ана тілінде сауат аштыру. Оның әдістемелік жаңалығы – оқушылардың әріп таныту процесінде дыбыстық әдісті енгізуі. Ғалымның әдісі бойынша бала әуелі дыбыстарды жеке танып, содан кейін олардың таңбасын (әріпті) үйренуі керек. Алдымен дыбысты қабылдап, артынан таңбалауды үйретуді ұстанды. Ол: «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз» – дейді [Байтұрсынұлы, 1992].

Әріп пен дыбысты үйретудің түрлі тәсілдері шықса да, Байтұрсынұлының дыбыстық әдісі өзектілігін еш жоғалтқан жоқ. Ғасыр басындағы қазақ баласы бесіктен бастап өз руы мен жеті атасын танып өскені белгілі. А. Байтұрсынұлының «әр елдің таңбасындай таңбасы» деп әріптерді рулық белгіге теңеуі – бала санасында әр дыбыстың таңбасын бекітудің тапқыр жолы. Әр әріптің дұрыс дыбысталуына да аса мән берген. «Оқу үйренудегі басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз дегеніміз – мағынасы бар дыбыстардың тіркесі. Сөйлеу – дыбыстарды тізіп, сөз шығару. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді. Себебі, олар сөздің дыбыстардан құралатынын білмейді» – деп жазады педагог ғалым [Байтұрсынұлы, 1920]. А. Байтұрсынұлының оқыту әдістемесіндегі негіз – дыбыспен жаттықтыру, яғни сөздің дұрыс дыбысталуы тіл үйретудің, сауат ашудың басты шарты екенін баса көрсеткен.

1920 жылы жарық көрген «Баяншы» қазақ мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулығының алғысөзінде А. Байтұрсынұлы былай дейді: «...Әліппе кітабы оңай болып, оқытқанда балаларды неғұрлым аз қинаса, соғұрлым жақсы болмақшы. Әліппені балалар қиналмай оқып шықса, онан әрі оқуға ықыластанып, талаптары қанат байлағандай көтеріліп, зораймақшы. Осыны ойлап, Әліппе оңай болуын көздеп, бірінші, Әліппенің басынан аяғына шейін жеңіл һәм қысқа сөздерді алдым; қазақ сөзіндегі әріптердің бәрін оқып шыққанша, балалардың жолында бөгет болып, оларды қинайтын еш қиындық ұшырамас үшін... Екінші, бұл Әліппеде әр дыбысқа жеке өз әрпін арнадым; олай болғанда, бұрынғыдай бір әріп әр түрлі дыбысталмай, қай жерде тұрса да, бір әріп тек бір-ақ түрлі оқылады; бұл амал оқуды жеңілдетеді» – деп [Байтұрсынұлы, 1920], бала оқыту жолдарын нақтылап түсіндіреді. Бұл жолдардан ғалымның оқулық құрастыруда бала психологиясын ескеріп, мүмкіндігінше жеңілден ауырға қарай сатылылық принципін ұстанған.

1920 жылдары қазақтың тағы бір көрнекті қайраткері М. Жұмабаев ұлттық педагогика саласында іргелі еңбектер жазды. «Педагогика» (1922), «Ана тілі», «Бастауыш мектепке ана тілін оқыту методикасы», «Сауатты бол», «Ересек шала сауаттылар программасы» тәрізді еңбектері Мағжанды ағартушы әдіскер ретінде танытты. 1922 жылы Мағжанның «Педагогика» оқулығы Қазанда басылып шықты. Автор бұл еңбегінде: «Алдыма бір кітапты қойып алып, желе бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше, қазақ қанына қабыстыруға тырыстым» деп жазады [Жұмабаев, 1992]. М. Жұмабаевтың бұл еңбегі – қазақ педагогика ғылымының ғылыми негізін қалады. XX ғасыр басында оқу-тәрбие саласының дамуына және ұлттық әдіскер мамандардың

қалыптасуына жол салған ұлы тұлғалардың бірі. «Педагогика» кітабының тарау атауларының өзінде үлкен мән бар. Он төрт бөлімнен тұратын еңбекте автор тәрбиені рухани және табиғи негіздерге бөліп қарастырады: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. М. Жұмабаев «Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол ыстық-суық, аштық-жалаңаштық сияқты тұрмыста жиі ұшырайтын құбылыстарды елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, нәзік үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқындаса, жамандықтан жиреніп, жақсылықты қалап тұратын құлықты болса – міне, осындай болғанда адамның дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Бала ауру не зағип болса, баладан емес, тәрбиешіден; бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі; бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін салақ жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген Иран елінің мәтелі – шын дұрыс мәтел» – дейді [Жұмабаев, 1992]. Бұл тұжырымдар арқылы ол жан-жақты тәрбие берудің маңызын ашып көрсетеді. «Әрбір тәрбиеші сөз жок, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, ұлттық тәрбие дәстүрін білмей тұрып бала оқыту мүмкін еместігін кесіп айтты [Жұмабаев, 1992]. Ұлы ағартушы отбасындағы тәрбиенің шешуші рөлін ерекше атап, жоғарыдағы төрт тәрбиенің әрқайсысы сабақтаса жүзеге асқанда ғана баланың толыққанды тұлға болып өсетінін түсіндіреді. Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына зор мән берді.

XX ғасырдың 1920-1930 жылдарында қазақ мектеп педагогикасына мол үлес қосқан тағы бір қайраткер – Жүсіпбек Аймауытов. 1924 жылы Орынборда оның «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегі жарық көріп, мектеп мұғалімдері мен педучилищелерде оқулық ретінде қолданылды. 1926 жылы екі бірдей кітабы басылды: бірі – «Психология» (Қызылорда-Ташкент), екіншісі – «Жан жүйесі және өнер таңдау» (Ташкент). 1929 жылы Қызылордада «Комплекспен оқыту жолдары» атты әдістемелік кітапшасы жарық көрді. Бастауыш сыныпқа арналған «Жаңа ауыл» оқу құралы және «Сауатсыздықты қалай жою керек?» әдістемелік нұсқаулығы да жазылды. Суреткер, ғалым-педагог Ж. Аймауытовтың осы оқу-әдістемелік еңбектеріндегі ерекшелік – оқыту мен тәрбиені біртұтас қарастырып, педагогика мен психологияны бірлікте үйлестіруінде. Біріншіден, әр адам өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылу керектігін, рухани тәрбие мен дене тәрбиесін қатар алып жүрудің жолдарын көрсетеді. Екіншіден, ұстазға әр түрлі отбасында тәрбиеленіп келген балалардың жеке ерекшеліктерін ескереді. Үшіншіден, бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлінің аса маңызды екенін көрсетеді [Аймауытов, 1926]. Тәрбиеде адамның өзін-өзі жетілдіру қағидасын ұсынып, бала тәрбиесі мен өзін өзі тәрбиелеуде аянбай еңбектенсе ғана болашағы жарқын болатынын айтады. Оның әдістемелік құралдарының тағы бір ерекшелігі – қазақ баласының психологиялық ерекшеліктеріне сай, тиімді жолмен білім беру әдістемесін ұсынуы.

Кеңес дәуірі кезеңінде де қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі дамып, жаңа зерттеулермен толықты. 1960-70 жылдары мектепте әдебиет пәнін оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері жүйелене бастады. Әдіскер-ғалым А. Көшімбаев 1969 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» еңбегінде әдебиетті оқыту әдістемесінің педагогика ғылымымен байланысын және дербес пән ретіндегі ерекшелігін айқындап берді. А. Көшімбаевтың әдебиетті оқыту әдістемесіне берген анықтамасы: «Әдебиетті оқыту әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын, мектептегі әдебиет сабақтары барысында мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынастарын зерттейтін ғылыми пән» [Көшімбаев, 1969]. Жалпы педагогика теориясының қағидаларына сүйене отырып, әдебиет арқылы оқушыларға білім мен тәрбие беруді қарастырады.

Кеңестік дәуірден кейінгі кезеңде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жаңа сатыға көтерген тәжірибелі ұстаздардың бірі – Қ. Бітібаева. 1997 жылы жарық көрген Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты оқу құралында әдебиет сабақтарын өткізудің тың әдіс-тәсілдері жүйеленді. Автор заманауи педагогикалық ізденістерді сабақ беру үрдісімен ұштастыра отырып, оқу бағдарламасы мен әдіс-тәсілдерді сұрыптап, тиімді

пайдалануға ерекше мән берген. Берілетін білімнің басты түйіндерін әр сабақтың мақсатына сай нақты кезеңдерге бөліп жеткізу жолдарын көрсеткен. Әдебиетті тәрбиелік мәні зор пән ретінде қарастырып, сабақтың түрлері мен үлгілерін жаңаша іздестіруді ұсынды. Оқыту барысында интеграция әдісін тиімді қолдану, әдебиетті тереңдете оқыту, проблемалық оқыту қағидаларын енгізу – осы еңбекте айрықша атап көрсетілген бағыттар. Сонымен бірге Қ. Бітібаева көркем шығармамен жұмыс істеудің жолдарын, оқушылардың білім мен іскерлік дағдыларын жетілдіру тәсілдерін жан-жақты талдады. Әдіскер-ұстаз топтық, жұптық және жеке жұмыстар арқылы оқушыларды ізденіске, зерттеу жұмыстарына баулу қажет екенін баса айтты. Мұғалімдерге арналған бұл әдістемелік құралда теориялық тұжырымдар нақты сабақ үлгілерімен, практикалық тапсырмалармен берілген. Мысалы, М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» шығармасын өткенде, мұғалім оның жазылу тарихы мен басты кейіпкер Бақтығұлдың прототипі болған қоғам қайраткері Рысқұл Жылқыайдардың тағдырын Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романы арқылы салыстыра таныстырса, оқушы әсер алып, шығармаға қызығушылығы артатынын айтқан. Қ. Бітібаева жалпы әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық ұғымдарымен қатар, алған білімді тәжірибеде пайдаланудың тиімді жолдарын нақты мысалдар арқылы ұсынды [Бітібаева, 1969].

Тәуелсіздік кезеңінде ұлттық мектеп тұжырымдамасын қалыптастыруға ерекше үлес қосқан көрнекті ғалым – А. Қыраубаева. Әдебиеттанушы ғалым орта мектепке арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулықтары мен хрестоматияларын жазып, өзі ұстаздық қызметте жүріп, ұлттық мектептің негізін қалауға атсалысты. Ғалым-педагог мектеп оқушыларының сапалы білім алуына және ұлттық тәрбие беру мәселесіне аса мән берді. Ұлттық тәрбиенің бастауы – мектеп екендігін көрсетті. Еліміз тәуелсіздік алған тұста А. Қыраубаева қазақ баласына ұлттық мектеп керектігін түсінді. Осы мақсатта Алматы облысы Қаскелең қаласында «Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейін» ашып, ауыл балаларының білімін жетілдіру, таным көкжиегін кеңейту жолында еңбек етті. А. Қыраубаева қолға алған «ұлттық мектеп» ашу идеясы тосыннан туған жоқ еді. Отбасындағы тәрбие, университет қабырғасындағы тәлім-тәрбие, ғылыми ізденістердің бағыты – тәуелсіз елде қазақ баласын халық педагогикасы негізінде тәрбиелеу керектігін баса айтты. Халқымыздың төл педагогикасы ықылым заманда (сақ-ғұн дәуірінде) қалыптасып, орта ғасырларда жалғасын тапқаны белгілі. А. Қыраубаева зерттеулері арқылы ата-бабаларымыз қолданған тәрбиелеу әдістерінің өзіндік ерекше нәтижелі үлгілері бар екенін дәлелдеп көрсетті. Мектепте білім беру ісін ғалым авторлық «Сенім» бағдарламасы арқылы жүзеге асырды. Бұл эксперименталды жоба алғаш рет 1996 жылы «Қазақстан мектебі» журналының №4 санында жарияланды. Этнопедагогика саласында еңбек етіп жүрген мамандар тарапынан озық бағаланып, Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетінің профессоры Э. Әбілованың «Этнопедагогика» кітабында үздік бағдарлама ретінде аталды.

«Сенім» бағдарламасының мақсаты – баланың ұлттық санасы мен болмысын қалыптастыру негізінде оны әлемдік өркениетке үйлесімді түрде шығару. Бағдарлама ұраны: жасытпай оқыту, кемсітпеу, тұлғаны өз мәдениетін меңгерген және өзіне сенімді азамат етіп тәрбиелеу. Бағдарламаны іске асырудың алғышарттары: шәкіртпен кісілік-демократиялық қарым-қатынас орнату; оқушылардың ынта-ықыласын оятып, дамыта отырып оқыту; адамгершілік қарым-қатынас тудыратын тетіктерді іске қосу – мұның барлығы бағдарламаның құрылымында жан-жақты қарастырылған. «Сенім» концепциясының түйіні: ұстаздың шәкірт мүмкіндігіне сенуі және шәкірттің өз мүмкіндігіне сенуі[9]. Ғалым А. Қыраубаева: «Бізге басқалардың тәрбиесі өзімізден артық көрінетін бір кембағарлық әдет бар. Басқа елдің тәжірибесін тұтастай енгізу жақсылыққа әкелмейді. Оның ішінде ұлттық құндылықтарға қабысатынын ғана пайдалануымыз керектігін ескере бермейміз. Қандай бір озық дүние болса да, әр елдің мүддесі тұрғысынан жасалады. Сырттан ендірген жат мүдделердің қажеттілікке айнала алмайтыны сондықтан. Тамырсыз гүл өспейді» – дейді [Қыраубаева, 1996]. Тәуелсіз ел атансақ та, білім жүйеміз ұзақ уақыт өзге елдердің тәжірибесіне тәуелді болып келгені рас. А. Қыраубаева жасаған «Сенім» бағдарламасы дәл осы ұлттық мектептерде ұлттық білім беру қажеттігін мақсат етті. Бұл бағдарлама бастауыш

сыныптан бастап халық ертегілері мен аңыздарын, ұлттық әдеп пен салт-дәстүрді, қазақ тарихындағы тағылымды оқиғаларды, ұлттың дара тұлғалары жөніндегі деректерді, ежелгі әдебиет пен ислам мәдениеті туралы мағлұматтарды оқу бағдарламасына енгізді. Жоғары сыныптарда оқушының өз қалауына қарай бейімдік элективті курстар жүргізілді. «Сенім» бағдарламасы оқушыларға ұлттық бағытта тәрбие мен білім беруді көздей отырып, мынадай құндылықтарды басшылыққа алады:

1. Ана тілі. Қазақ баласы алдымен өз ана тілінде сауат ашып, өз тілінде еркін оқып-жаза алуы қажет. Тіл қаруы – қарым-қатынас пен білімнің кілті.

2. Салт-дәстүр. Оқушы өз халқының дүниетанымын, наным-сенімін, әдет-ғұрпы мен дәстүр ерекшеліктерін біліп өсуі тиіс. Халықтық дәстүрлер – ұлттың генетикалық коды.

3. Рухани тәрбие. Шәкірт тәрбиесінде оны ең алдымен адам қылып қалыптастыру – басты мақсат. Баланы белгілі бір маман иесі болуға бейімдеуден бұрын, оны ізгі жүректі, рухани бай тұлға етіп тәрбиелеу қажет.

4. Отбасы тәрбиесі. Ата-анаға құрмет, үлкенді сыйлау – қазақы тәрбиенің өзегі. Ұл мен қыздың отбасылық өмірге жауапкершілікпен қарауы, болашақта өз шаңырағын дұрыс құруы үшін ата-ананың үлгі-өнегесі мен бағыттауын сіңіру маңызды.

5. Эстетикалық тәрбие. Өнер білімін меңгерту, балаға өзін мәдени ортада ұстай білуді үйрету, әдептілікке, талғамға баулу – мектептің міндеті. Сыпайылық пен парасаттылыққа тәрбиелеу жеке тұлғаның үйлесімді дамуына қызмет етеді.

6. Діни тәрбие. Діннің адам өміріндегі маңызын түсінуге жетелеу, өзге діндерді сыйлай отырып, ұлттық дәстүрмен сабақтас мұсылмандық құндылықтарды бойға сіңіру – жас буынның өзіндік рухани тірегін қалыптастыруға көмектеседі.

А. Қыраубаева құрастырған «Сенім» бағдарламасы Қаскелеңдегі Қазақ мәдениеті мектеп-лицейінде сынақтан өтіп, кейін оқу бағдарламасы ретінде ресми бекітілді. Қазақстанның тәуелсіздігін баянды ету үшін қазақ мектебінің атқаратын қызметі орасан зор. Ұлттық мектеп болмаса, ұлттық мәдениет те, ұлттық ғылым-білім де болмайды. Ең негізгі міндет – ерекшелігін әлемге танытатын ұлттық мектептің моделін жасап, сол мектепті қалыптастыру. Филология ғылымдарының кандидаты А. Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы – өзіндік ерекшелігі бар тың жоба. Тәуелсіз Қазақстанда ұлттық негізде білім-тәрбие беру моделін жасаудың маңыздылығын тағы бір дәлелдей түседі.

Қорытынды

Қазақ әдебиетін оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру ісі бірнеше тарихи кезеңнен тұрады. Ұлттық жазба әдеби тілдің дамуына ХІХ ғасырда Ы. Алтынсарин зор үлес қосты. Қазақ тілін білім беру саласына енгізіп, оқу-ағарту ісін ана тілінде оқытуға жол ашты. А. Байтұрсынұлы қазақ тілін ғылым тіліне айналдырды, тіл мен әдебиетті оқытудың ғылыми-педагогикалық әдістемесінің негізін қалады. М. Жұмабаев пен Ж. Аймауытов педагогика, психология саласында ұлттық тәрбие туралы құнды еңбектер жазып, бала оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-қоғамдық қырларын ашып берді. Кеңестік кезеңде әдіскер ғалым А. Көшімбаев қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жүйелеп, оны педагогика ғылымының дербес саласы ретінде қалыптастырды. Тәуелсіздік дәуірінде Қ. Бітібаева әдебиетті оқытудың жаңа тиімді жолдарын көрсетіп, әдістемелік тұғырын нығайтса, профессор А. Қыраубаева ұлттық мектеп концепциясын ұсынып, арнайы оқу бағдарламасын жасады. Өр дәуірдегі ұлағатты ұстаздар мен ғалымдардың еңбектері қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарды оқытудың берік негізін қалады. Әдебиет сабағының басты мақсаты – жас ұрпаққа сөз өнерінің танымдық мәнін меңгерту және ұлттық құндылықтарды дәріптеп, болашаққа сақтау қажеттілігін естен шығармауымыз ләзім.

Әдебиеттер

- Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.4: Психология, Жан жүйесі және өнер таңдау. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
- Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: «Білім», 2-басылымы 2007. – 112 б.
- Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы (Шариат-ул-Ислам): монография. – Алматы: ТПО «Қаламгер», 1991. – 79 б.
- Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Абзал-Ай, 2003. – 640 б.
- Байтұрсынұлы А. Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін. – Казань. 1920
- Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, Ана тілі, 1992. – 324 б.
- Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 288 б.
- Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б. (Халық қазынасы сериясы).
- Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1969.
- Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
- Қыраубаева А. “Сенім” авторлық бағдарламасы // Қазақстан мектебі. – 1996. – №4. – 45–59 б.
- Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993. – 320 б.

References

- Aimauytov Zh. Alty tomdyq shygharmalar zhinaghy. T.4: Psikhologiya, Zhan zhuyesi zhane oner tangdau. – Almaty: El-shezhire, 2013. – 384 b. [in Kazakh]
- Altynsarin Y. Qazaq khrestomatiyasy. (Kirgizskaya khrestomatiya). – Almaty: «Bilim», 2-basylymy 2007. – 112 b. [in Kazakh]
- Altynsarin Y. Musylmanshylyqtyng tutkasy (Shariat-ul-Islam): monografiya. – Almaty: TPO «Qalamger», 1991. – 79 b. [in Kazakh]
- Baitursynuly A. Qazaq til biliminin maseleleri. Adebiet tanytqysh. – Almaty: Abzal-Ai, 2003. – 640 b. [in Kazakh]
- Baitursynuly A. Bayanshy. Qazaq mughalimderi ushin. – Kazan, 1920. [in Kazakh]
- Baitursynuly A. Til taghylymy. – Almaty: Ana tili, 1992. – 324 b. [in Kazakh]
- Bitibaeva Q. Adebietti oqytu adistemesi. – Almaty: Rawan, 1997. – 288 b. [in Kazakh]
- Zhumabaev M. Pedagogika. – Almaty: Ana tili, 1992. – 160 b. (Halyq qazynasy seriyasy). [in Kazakh]
- Koshimbaev A. Qazaq adebietin oqytu metodikasy. – Almaty: Mektep, 1969. [in Kazakh]
- Qamzabekuly D. Alash zhane adebiet. – Astana: Foliant, 2002. – 474 b. [in Kazakh]
- Qyraubaeva A. “Senim” avtorlyq bagdarlamasy. – Qazaqstan mektebi, 1996, No.4. – 45–59 b.
- Syzdykova R. Qazaq adebi tilinin tarikhy. – Almaty, 1993. – 320 b. [in Kazakh]

A. Yerkyn

E-mail: alaqan@mail.kz

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

METHODOLOGY FOR TEACHING NATIONAL VALUES IN KAZAKH LITERATURE

Abstract. National literature is a precious heritage of verbal art that, along with each nation's history, reflects its cultural and spiritual identity. The Kazakh people have their own literary language that has been evolving since ancient times. The development of the Kazakh literary language is closely linked to the history of creative literature and is studied through it.

This article addresses the issue of national values in Kazakh literature. It demonstrates that the process of conveying the nation's cultural and spiritual values through the Kazakh art of the word began in ancient times and has continued to the present day. The great figures of the Alash movement – A. Baitursynuly, M. Zhumabayev and Zh. Aimaulytov – were the first scholars to lay the foundations of Kazakh pedagogy and psychology. They established the groundwork for teaching methods of the Kazakh language and literature, deeply recognizing that the future of the nation depends on education. Therefore, they devoted their efforts to creating a systematic national educational concept. They explored ways to introduce literacy to children in their mother tongue and to teach each word's meaning in a conscious way. Each work by the Alash intellectuals contains valuable insights and methodological principles related to national upbringing, which must be carefully studied by today's generation.

In this study, the national values found in the works of renowned Kazakh educators Y. Altynsarin, A. Baitursynuly, M. Zhumabayev and Zh. Aimaulytov are examined, and the methodological foundations of national education are identified. The development of methods for teaching literature during the Soviet and independence periods is analyzed based on the works of A. Koshimbayev, Q. Bitibayeva, and A. Qyraubayeva. The article then determines the current methodological approaches to teaching national values in literature classes, drawing upon historical experience.

Keywords: nation, national values, national literature, upbringing (education), Kazakh literature, methodology, teaching.

For citation: Yerkyln A. Methodology for teaching national values in kazakh literature // Philological Sciences Journal. – 2025. – Vol. 10. – №2. – Pp. 45-54.

DOI <https://doi.org/10.52081/PhSJ.2025.v10.i2.058>

А. Еркин

E-mail: alaqan@mail.kz

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан*

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация. Национальная литература — это драгоценное наследие словесного искусства, которое наряду с историей каждого народа отражает его культурно-духовную сущность. У казахского народа с древнейших времён сформировался собственный литературный язык. Путь развития казахского литературного языка тесно сопряжён с историей художественной литературы и постигается через неё.

В статье рассматривается проблема национальных ценностей в казахской литературе. Показано, что процесс передачи культурно-духовных ценностей народа посредством словесного искусства берёт своё начало в глубокой древности и продолжается до наших дней. Великие деятели движения «Алаш» — А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев и Ж. Аймауытов — стали первыми учеными, заложившими основы казахской педагогики и психологии. Они создали фундамент методики преподавания казахского языка и литературы, глубоко осознавая, что будущее нации заключается в образовании. Именно поэтому они прилагали все усилия к созданию системной концепции национального образования. Они изучали пути обучения ребёнка грамоте на родном языке и осмысленного раскрытия значения каждого слова. В работах алашских просветителей представлены ценные мысли и методические принципы, связанные с воспитанием нации, которые современное поколение должно тщательно исследовать.

В исследовании рассматриваются труды известных казахских просветителей Ы. Алтынсарина, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаева и Ж. Аймауытова, где выделяются национальные ценности и определяются методические основы национального воспитания.

Развитие методики преподавания литературы в советский и «независимый» периоды рассматривается на примере работ А. Кошимбаева, К. Битибаевой, А. Кыраубаевой. В статье определяются современные методические направления преподавания национальных ценностей на уроках литературы, опирающиеся на исторический опыт.

Ключевые слова: нация, национальные ценности, национальная литература, воспитание, казахская литература, методика, преподавание.

Для цитирования: Еркин А. Методика преподавания национальных ценностей в казахской литературе // Philological Sciences Journal. – 2025. – Vol. 10. – №2. – Pp. 45-54.

DOI <https://doi.org/10.52081/PhSJ.2025.v10.i2.058>

Автор туралы мәлімет:

Еркін Айгерім, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, 010000, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2146-2508>

Information about the author:

Yerkyn Aigerim, doctoral student at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str, 2, Astana, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2146-2508>

Сведения об авторе:

Еркин Айгерим, докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан

ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-2146-2508>

*Мақала редакцияға 14.04.2025 ж. келіп түсті;
20.04.2025 ж. рецензиядан кейін мақұлданды; 1.05.2025 ж. баспаға қабылданды.*

*Статья поступила в редакцию 14.04.2025 г.;
одобрена после рецензирования 20.04.2025 г.; принята к публикации 1. 05.2025.*

*The article was submitted on 14.04.2025;
approved after reviewing on 20.04.2025; accepted for publication on 1.05.2025.*